



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Махсотова Жанбота Рүстемқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2-курс студенті

Makhsotova2017@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – М.Б. Мұратханова

Өлім жазасы – ежелден келе жатқан ең ауыр жаза болып табылады. Өлім жазасы қоғамдағы ауыр қылмыстармен күресу үшін қолданылған.

Қазақстанда өлім жазасына мораторий жарияланған. Қылмыстық құқық бұзуда асқан қатігездік болып саналатын бұл жаза өмірлік бас бостандығынан айырумен алмастырылды. Халық қалаулылары қатігез қылмысқа қатты жаза бермейінше ауыр қылмысты азайту мүмкін емес деп санайды. Себебі кейбір елдерде өлім жазасы әлі күнге күшін жоймаған.

Өлім жазасы Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарында көрсетілген реттерде, сотталған аса ауыр қылмыстарды жасаған жағдайда және ол сотталған «енді түзелмейтін, қоғамға пайдасыз адам» деп танылғанда, ең ауыр жаза ретінде қолданылады. Қазақстанда өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ 18 жасқа толмай қылмыс жасағандарға және сот үкім шығарған кезде 65 жасқа толған ер адамдарға тағайындалмайды. Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен, жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы, өмір бойы бас бостандығынан айырумен немесе 25 жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін.

Шындығында өлім жазасының тарихы тым тереңде. Ерте заманнан келе жатқан бұл жаза түрлі жағдайда орындалған. Кейбір елдерде өлім жазасы тамырға у жіберу арқылы орындалса, кейбір мемлекеттер жазаны әлі күнге қылмыскерді электрлі орындыққа отырғызу арқылы орындайды. Қазақстандағы ату жазасы негізінен Алматы қаласындағы 1904 жылы салынған тергеу изоляторында орындалған екен. Түрлі дерек көздерінен алынған мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстанда 1997 жылы 45 адам, 1999 жылы 33, 2000 жылы 11 адам ату жазасына кесіліпті. 2002 жылы бұл «көрсеткіш» 21 адамға көбейсе, 2003 жылы 15, ал 2004-2006 жылдар аралығында алты адам өлім жазасына кесіліпті.

2003 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев өлім жазасына қатысты мораторий жариялаған болатын. Қазақстанда өлім жазасына тыйым салынғанға дейін 536 өлім жазасы қолданылған екен. Сондай-ақ, 2014 жылы Қазақстанда өлім жазасынан толықтай бас тарту жайлы әңгімелер де болды. Сарапшылар сол кезде өлім жазасының криминогендік жағдайды тоқтатпайтынын айтқан еді. Сонымен қатар, олар өлім жазасына ұқсас жаза ретінде өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға болатынын айтты. Осыдан екі жыл бұрын депутаттар ҚР қылмыстық заңнамасында өлім жазасын қолданбау туралы ұсынысқа қатысты пікір білдірген еді. Алайда Бас прокуратурадағылар бұл ұсынысқа қарсылық білдірді. Олардың айтуынша, Қазақстанда өлім жазасын толықтай алып тастауға Конституцияда көрсетілген кейбір ережелер кедергі келтіреді. Айта кетейік, Ақтөбеде болған оқиғалардан соң терроризм үшін өлім жазасын қолдану туралы мораторийді алып тастау туралы айтылған болатын [1].

Мораторий судьяларға адамды өлім жазасына кесуге кедергі келтірмейді. Қылмыстық кодекс бойынша судья сотталушыны өлім жазасына кесе алады. Алайда әдетте өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына

Алайда әдетте өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген өлім жазасы құрамында 17 қылмыс бар, сондай-ақ аса ауыр қылмыс жасаған кезде қолданылады. Айта кетейік, қазіргі уақытта Қазақстанда өмір бойына бас бостандығынан айыратын жалғыз ғана «Қара бүркіт» деген түрме бар. Ол Қостанай облысында орналасқан. Онда қазіргі уақытта

100-ден аса адам жазасын өтеп жатыр. Сондай-ақ, Қазақстанда өлім жазасына қатысты мораторий енгізілген соң елімізде 5 адамның өлім жазасына кесілгені белгілі болды.

Ату жазасын әлемде 58 мемлекет қолданады делінгенмен 2014 жылғы санақ бойынша олардың тек 22-сі ғана толық қолданып отыр. Жалпы, ату жазасын осы уақытқа дейін 98 мемлекет толық қолданыстан алып тастаған. Сондай-ақ, әлемнің 35 елінің заңында ату жазасу туралы бап болғанымен, практикалық тұрғыдан әлі қолданылмай отыр. Ату жазасын қолданатын елдердің қатарында Белоруссия, АҚШ, Ауғанстан, Вьетнам, Сауд Арабиясы, Жапония, Палестина, Қытай Республикасы, Египет және тағы басқа елдерде заң жүзінде ату жазасы бар болғанымен, бірақ қолданылмайды.

Әлем елдерінде өлім жазасын қолданудың тәртібі әртүрлі.

Көптеген өркениетті елдердің қылмыстық заңы бойынша, өлім жазасы Отанға опасыздық, шпиондық, кісі өлтіру, адамдарды ақы алу үшін ұрлау, өрт қойғаны, тонау және басқа да ауыр қылмысты істегені үшін қолданылады. Еуропаның бірнеше мемлекеттерінде: Италия, Германия, Франция, Скандинавия елдерінде, сондай-ақ Латын Америкасы, Австралияда өлім жазасын қолдану жойылған. АҚШ Жоғарғы Соты 1976 жылдан өлім жазасын қолдануды қайта жаңғыртты. Қазір Құрама Штаттардың 37 штатында өлім жазасы қолданылады [2].

Өлім жазасы үкім күшіне енген сәттен бастап, 1 жылдан кейін орындалады. Бұл мерзімде үкімді жеңілдететін сотқа белгісіз жағдайлар ашылып, жеңіл жазалардың бірі тағайындалуы мүмкін.

Өлім жазасына сотталған адам жеке адамдық камераға орналастырады және сол камерада тамақтанады, олар сыртқа сейілдеуден басқа уақыттарда сыртқа шығарылмайды. Камера қаралып, тінтіліп отырады.

Сотталған, үкім заңды күшіне енгеннен кейін, Қазақстан Республикасының Президентіне кешірім жасау туралы өтініш жасай алады. Өтінішпен бірге, бірінші инстанция сотының үкімі мен кассациялық соттың ұйғарымы бірге жіберіледі. Сонымен бірге, Президент әкімшілігіне сотталған туралы мәліметтер және Жоғарғы сот төрағасының, Бас Прокурордың осы іс туралы қорытындыларының көшірмелері жіберіледі.

Барлық құжаттарды алғаннан кейін Президент өтінішті қарап, оны қанағаттандыру немесе үкімді күшінде қалдыру туралы шешім қабылдайды.

Егер сотталған кешірім сұрау туралы өтініштен өзі бас тартса, онда бас бостандығынан айыру мекемесінің әкімшілігі прокурордың қатысуымен бұл туралы акт жазады, ол акті - сот үкімін іске асыруға негіз болады.

«Өлім жазасы керек» немесе «керегі жоқ» деген мәселеге келгенде «осы дұрыс-ау» деп, әділ шешімді тап басып айту өте қиын. Өйткені, әлемде де дәл осы мәселе төңірегіндегі пікірлер ертеректен талқыланып келе жатқанын білеміз. Оған атақты ғалымдар, белгілі үлкен ғұлама азаматтар да қатысып, бір шешімге келіп, халықты сендіретін мысал, көңіл толарлықтай дәлел келтіре алмаған. Өлім жазасын қолдануды жақтайтындардың айтатындары – қылмыскерді ату, ол әділетті шара, басқа қылмыскерлерге тосқауыл болатындай ескертпе. Оның үстіне, адам өлтірген, оның ішінде әйелге, балаларға зұлымдық жасаған қылмыскер, барлық қасиеттен айырылған, өмір сүруге құқы жоқ жауыз, оған мемлекеттің қаржысын жұмсап, қамауда ұстау ретсіз шығын дейді. Ал, бұл жазаға қарсы болатындар – адамды Құдай жаратқан, сол себептен, ол тәңірдің ісі, ал, егер, ол жауыздықпен адам өлтірсе, мемлекет те оны өлтіріп, сол қылмыс жасаған адамға ұқсамауы керек. Оның үстіне, дүниежүзілік тәжірибе өлім жазасы арқылы ауыр қылмыстың санын азайта алмағанын көрсеткен. Сондай-ақ, өлім жазасын осы күнге дейін сақтап, қолдап жүрген мемлекеттің саясаткерлері «өлім жазасы лаңкестікке қарсы күрестің тиімді тәсілі, ең күшті дәлелдерінің бірі» деген тұжырым жасайды. Ал, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, өлім жазасы терроризмнің алдын алып, қауіпсіздікті төмендетпек тұрмақ, керісінше, лаңкестердің беделін арттырып, оның идеясын қолдап, дәрежесін көтеруге тигізер әсері зор деп белгіленуде. Өлім жазасы қылмыстың алдын алуға немесе қылмысты төмендетуге ықпал ете алмайды. БҰҰ-ға мүше елдер өлім жазасына мораторий жариялағанда әлемнің 54 мемлекеті

қарсы болған. Өйткені, өлім жазасы адамның ар-намысын қорлайтын жазаның қатыгез түрі болып табылады. Ол адамның өмір сүру құқығын аяқ асты етіп, жазаға тартылған адам кінәсіз болған жағдайда, оны қайта түзеуге мүмкіндік бермейді.

Сондықтан да, әлемдегі көптеген елдер жазаның бұл түрін ұлттық заңнамаларынан алып тастауда. Өлім жазасының балама түрі ретінде бас бостандығынан айыру жазасын енгізген елдердің ішінде Хорватияда – 40 жылға бас бостандығынан айыру белгіленсе, Латвияда – 50 жыл, Швеция мен Болгарияда өмірлік қамауға алынады екен. Ал, Данияда ең жоғарысы – 20 жыл, Эстонияда – 30 жыл, Финляндияда – 10 жыл мен 15 жылдың аралығы көрсетілген [3].

Сонымен, екі жақтың да ой-пікірлері дұрыс, дәлелдері көңілге қонымды, талаптары орынды. Сол себепті, түпкілікті дұрыс шешім қабылдау үшін бұл мәселеге, ең алдымен, саяси тұрғыдан қарау қажет. Ескеретін нәрсе, жылдан-жылға өлім жазасын қолданатын мемлекеттердің саны қысқарып, ол жазаны қолдану үкімі санының азайып келе жатқаны байқалады. Оның үстіне, кейбір мамандардың пікірінше, атуға жазаланған қылмыскер өлетін кезде тек бір-ақ рет қиналса, өмір бойына бас бостандығынан айырылып, ерекше режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеп жатқан адам «мың рет» өледі дейді. Өлімді күту, жақындарынан айырылу азабы, жан-дене азабына қарағанда салыстыруға болмайтын азап.

Ауыр қылмыстарды тежейтін тегеурінді тетік ретінде өлім жазасын пайдалануға болатынын айтатындар қылмыскерді 15-20 жылға, одан қалды өмір бойына соттап, сосын, оны біздің салық төлеушілердің, бюджеттің есебінен асыраудың өзіне ойлану керектігін алға тартады. Осы орайда, бас бостандығынан айырылған азаматтардың біреуін жыл бойы түрмеде ұстауға өткен жылы еліміз қазынадан 580 мың теңге жұмсағанын ресми түрде жарияланғанын да айта кеткен дұрыс.

Қорытындылай келе, қалай десек те, ізгілікке қарай аяқ басқан әлем, біздің қоғам болсын, өлім жазасын мемлекет тарапынан белгіленген аса қатігез жаза түрі санайды. Бірақ, қаныпезер сондай айуандықпен адам өлтіріп, жақынынан айырып, керек десеңіз, бір отбасын түгел қырып кетіп жатқанда, оған қалай аяушылық танытуға болады? Мұндай сәтте сол қылмыскерді қарапайым қара халықтың ортасына әкеп, «жазасын беріңдер» десе, сөз жоқ, олар өз қолдарымен-ақ оны төпелеп өлтірген болар еді...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kaz.tengrinews.kz> ақпараттары
2. Ағыбаев А.Н. «ҚР Қылмыстық Кодексіне түсіндірме» Жалпы және Ерекше бөліктер, Алматы, «Жеті Жарғы», 2015ж., 172-175б.
3. Құлпатшаева А., «Өлім жазасын қалдыру керек пе, әлде бас тартатын кез жетті ме?»// «Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журналы, 2013

ӘОЖ 343.321

МЕМЛЕКЕТКЕ ОПАСЫЗДЫҚ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТЫҢШЫЛЫҚ

Махсотова Жанбота Рүстемқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2 курс студенті, Астана
makhsotova2017@Mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Ә.А. Ашимова

Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі қауіпсіздігіне қауіп төндіретін «Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар», әсіресе, оның ішінде «мемлекеттік опасыздық» қазіргі кездегі әлеуметтік-құқықтық ортаға аса ауыр зиян келтіреді.